

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бала тәрбиесі баршаның ісі

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.07.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/141671/

Купесбаева Майгуль

Өткен жыл еліміз бойынша «Балалар жылы» деп бекітілді. Қасым-Жомарт Тоқаев: «...Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы - мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деп айтты. Балалар - кемел келешектің бүгінгі кепілі екені анық. Ел ертеңінің тұтқасын ұстар бүгінгі бөбектеріміздің балалық шағы бақытты, денсаулықтарының мықты болуын және сапалы да саналы білім алуын қамтамасыз ету - басты міндет.

Қазіргі таңда баланы жастай жақсыға үйретіп, мектепке дайындауда балабақшалардың рөлі зор. Десе де ата-ана да бала тәрбиесін назардан тыс қалдырмауы қажет. Екі жақты түсіністік пен бірігіп жұмыс жасаудың арқасында білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ тәрбиелей аламыз.

А.Сухомлинский ата-анамен жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш жігерді біріктіру арқасында тәрбиешілер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», - дейді. Өзім қызмет етіп отырған балабақша да ата-аналарымен тығыз қарым қатынас жасаудың арқасында жоғары жетістіктерге жетіп келеді. Мәселен әрбір топ өз жұмыстарының жоспарына сай тәрбие жұмысының бастауы ретінде ата-аналарды еңбек іс-әрекетіне араластырып, түрлі іс-шараларға белсене қатыстырып, қоян- қолтық жұмыс істеуде.

Әр мерекеге орай салтанатты шаралар ұйымдастырылады. Әрбір баланың өзімен, отбасымен, достарымен, қоршаған ортамен байланысын, шығармашылығы мен мәдениетін дамыту мақсатында педагогтар іс шараны жан-жақты, қызықты өткізеді. Ең бастысы мерекеге жиналған ата-аналар да көңілді кешке ерекше атсалысады. Балаларымен бірге ән айтып, би биледі. Түрлі ойындар ойнатылып, бүлдіршіндерді ерекше әсерге бөледі. Қазақ «Адамның бақыты - балада» дейді. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздейді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Ал адамға нағыз бақытты - тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол - бала тәрбиесі. Ал бала

үшін өз үйінен кейінгі ең жылы орын – балабақша.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан да балаларға дұрыс тәлім-тәрбие беріп, ұлтжандылыққа, еңбекқорлыққа баулу үшін балабақша мен ата-ананың бірігіп еңбек етуі маңызды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.